

## 2015 жылы әскерге шақыру учаскесіне тіркеуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы әкімінің 2014 жылғы 22 желтоқсандағы № 8 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 08 қаңтарда № 4140 болып тіркелді. 2016 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданыста болды

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33 бабының 1 тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Заңының 16 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 маусымдағы № 859 "Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Ырғыз ауданы әкімі

### **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2015 жылдың қаңтарынан наурызына дейінгі кезеңде "Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің шақыру учаскесіне тіркеу жылы он жеті жасқа толатын 1998 жылы туған еркек жынысты азаматтарды, сонымен қатар, бұрын тіркеуден өтпеген, Ырғыз ауданының аумағында тұрақты немесе уақытша тұратын ересек жастағы азаматтарды тіркеуден өткізу ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. "Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы қорғаныс істер жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы (келісім бойынша) азаматтардың шақыру учаскесіне тіркелуін ұйымшылдықпен жүргізуді қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын, тіркеу қорытындысы туралы 2015 жылдың 10 сәуірінде аудан әкіміне хабарласын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Шахинға жүктелсін.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*М. ДУАНБЕКОВ*